

A. Ж. ӘБУ

ҚАЛБАТАУДАҒЫ ТАС МҰСІНДЕР

Қазақстанның шығыс өнірі ертеден-ақ байыр-ғы мәдениет ошағы болған орталықтардың бірі. Алтай тауы мен оның сілемінде ан аулап, тастан тұрмысына қажетті енбек құралын жасаған тас дәүірінің тұрғындары, одан бертінгі уақытта қола және ерте темір дәүірі мен Түрік кезеңінде де тау-кен ісін мен-герген жергілікті тұрғындар бұл жерді ерте бастан өзінің киелі қонысы деп санап, оны қызығыштай қорыған. Кен орындары мен түрлі-түсті металдарға бай осынау өлкеде өз заманының хас шеберлері тастан, ағаш пен сүйектен түйін түйіп, оны да қажетінше жарата да білген. Осы айтылған жайттардың барлығы бүгінде жүйелі түрде ғылыми негізде зерттелуде. Осы мақсатта өлкенің ерте кезеңдердегі тарихи-ескерт-кіш жәдігерлерін бүгінгі ұрпаққа жеткізетін, оған жан бітіріп сөйлететін, заманауи сұранысқа сай археология ғылымының жетістіктерімен сарапталған зерттеулер уақыт талағына сай жүргізілуде. Осы зерттеулердің жүргізуіндегі Шығыс Қазақстан Археологиялық экспедициясының (ШҚАЭ) атқарған еңбегі орасан зор. 2005 жылдан бастап ШҚАЭ-ның Шығыс Қазақстан аумағында жасаған кен өндірушілер мен андрон мәдениетінің ескерткіштерін, ерте көшпелілердің зиярат жасаған қасиетті орындарына барлау, зерттеу қазба жұмыстары және осы тақырып аясындағы ізде-ністерінің барысы, Түрік тайпаларының және одан да ерте кездегі көшпелілер кезеңіне қатысты жүргізілген зерттеулері бүгінде өзінің кейбір қырларын жаңадан аша түскендей.

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Ислам діні ықпалының эсерінен тарихи оқиғалар ортағасырдағы араб деректерімен расталады. Мәселен, IX-ғасырдағы араб деректері ТҮРК сөзінің Орхон жазба бітігімен Қытай жылнамаларында көрсетілгендей біртұтас халық, алып мемлекеттік құрылым мағынасынан шығып, оның құрамындағы халық тілінің атауы ретінде қолданылғандығын

керсетсе, әл-Истахридің: ...«тоғыз-оғыз, қырғыз, кимек, оғыз және халаждар сияқты барлық түріктің тілдері бір. Олардың әрқайсысы бірін-бірі түсінеді»¹ – дегені, Түрік қағанаты кезінде қалыптасқан тұтас бір елдің 2–3 ғасыр қуаттылығын сақтай отырып, сыртқы тұтастырының бүтін болып көрінуімен көршілес елдерге үрей туғызғандығын айғақтайды.

Сондай-ақ, әл-Йакубиде: «түріктердің әр тайпасы жеке мемлекет, олар бірімен бірі соғысады»² – деп, Түрік тайпаларының арасында өзара соғыстың болатындығын баяндайды. Бірақ, бұл исламның Орталық Азияға ескери, сауда және саяси қарым-қатынастарды орнатудың нәтиже-сінде, әрі тыңшылық пен барлау мақсатымен келген елшілік миссиялардың елдің ішкі өміріне сұғына бастағандығына қатысты деректер болып табылады. Алайда, ірі-ірі тайпалық одак арасында жүргізілген бұл соғыстар, олардың өз алдына дербес саясат жүргізу мақсатын көздеуге ұмтылғандықтарын байқатады. Түрік қағанатының ыдырауымен Еуразиялық ауқымдағы алып Ел аумағы бірнеше мемлекеттік құрылымдардың иелігіне айналды. Батыс бөлікте хазарлар, Жетісу мен Сырдария, кейінірек Арап мен Каспий теңізі аралығында оғыздар, солтүстік (Енисей) бөлікте қырғыздар, Жетісүмен шектескен шығыс шекаралық Алтайға дейінгі аймақта қарлұқтар, Монголияда ұйғырлар, шығыс және орталық Қазақстан аумағында, одан әрі Ертіс өзенін жағалай кимектер иелік етті. Бұл жерлердегі этностық, әрі тайпалық иелік биліктегі қоғамдық құрылымы ұқсас, этномәдени дамуы тұрғысынан туыс болып келестін жағбулық Түрік мемлекеттерінің арасындағы этносаяси, тағы да сол этномәдени процестерге баға беруде, көбіне-көп жергілікті археологиялық ескерткіштерге басымдық беріледі.

Байырғы түрік бәдіздерінің (тас мұсін) таралу аймағын анықтаған А. Д. Грач оған Монголия, Тува, Онтүстік Алтай, Шығыс Туркістан және Орталық

¹ Материалы по истории киргизов и Киргизии (Извлечения из арабских, персидских и тюркских исторических и географических сочинений X–XIX вв.). Вып. 1. М.: Наука, 1973. 16 с.

² Ильясова З.С. Араб деректеріндегі түрік тайпаларының этносаяси процестері // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2006. №4 (37). 26 б.

Азия (Қазақстан мен Қырғызстан) аумағын кіргізд³. Бүгінде тас бәдіздердің ең бір тұщымды (өнімді) зерттелгендегі Жетісү мен Шығыс Қазақстан аумағынан табылғандары болып табылады. Қазақ даласының өзге де аймақтарында тастан қашалған мүсіндер аз емес, бірақ олардың дені толықтай суреттеп, ғылыми айналымға енгізілмеген. Мақаланың көзделген мақсаты да осы үдерістен шығуды көздейді.

Халықтардың ұлы қошін бастаған ғұндардан кейінгі қошті қайта жалғаған Түрік тайпаларының VIII ғасырдан бастап, шығыстан батыска қарай тағы бір мәрте коныс аудара бастауы туралы дерек әзірге тек, әл-Мә'сүдиде (Х ғ.) фана кездеседі. Ол: «Китабун фунун әл-ма'(ғ)риф уә ма'жара фи дхур ас-сауалиф» (әл-Мә'сүдидің Таным өнері және өткен ғасырларда не өткендігі жайлар атты бүгінге дейін жетпеген) еңбегінде Түрік тайпасының яғни, оғыз, қарлұқ және ки-мектердің шығыстан коныс аударуының себеп-терін Журжан өзеніндегі шапқыншылық соғыстардың болуымен түсіндіреді⁴.

Оғыздардың мемлекетік құрылымы қалып-тас-қанша, олардың өзге де түрік тайпаларымен қоян-қолтық араластықтағы байланыста болуын және осы тұста түріктердің өз алдына этномәдени ерекшелігінің жеке дара болып қалыптаса қоймандығын да анғаруға болады. Өйткені, шығыстан батыска дейінгі жазиралы даланың шұрайты жайылымы мен өзен-көлдерін ата-коныс еткен түріктердің жерлеу, ас беру және еске алу жоралғыларын, ғұрыптық шараларға қатысты олардың өз арасында кейбір дүниетанымдық айырмашылықтарының болғандығы да байқалады. Мұны Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Сарықөл ескерткішінен де көруге болады.

Көшпелі тұрмыстағы түрік тайпаларының ғұрыптық жерлеу дәстүрінде жылқы малының (ғасырлар бойы) мәйітпен бірге жерленуі немесе ғұрыптық асқа, құрбандыққа айналуы әрісі, андрондық және атбасарлық мәдениетпен, сак кезеңінің Берел, Құла жорға мәдениеттерімен ғасырлар бойы өз жалғас-

тығын табуы, Қазақстанның батысын қоныстаған оғыздардың жерлеу салтында да, жерлеу ескерткіштерінде жи ұшырасуынан да байқалады⁵. Бұл жайт тіпті, арабтардың елшілік діни миссиясын орындаушы ибн-Фадланның (922 жылы Еділ бұлгарларына сапар шеккен) жол-жазбаларында да хатталған. Жыл-қының құрбандық малына арналуы, оның ғұрыптық негізде таңдалынуын онтүстікегі Түркіс-тан қаласы маңындағы (дәлірек Құмтүйін ауылы) ортағасырлық Қарашық қаласының кіре беріс қақпасының жаңына жерленуінен де көруге болады⁶. Жоғарыда аталған Сарықөл тарихи-ескерткіші (ол туралы 2008 жылғы журнал санында жарияланған)* кешеніндегі ғұрыптық жер-леуде де, ондағы мәйіттің өртелеуі қөршілес Мон-ғолия жерін қоныстаған түрік тайпаларының жерлеу ғұрпында кездесетін жайт екендігін, оған қоса мәйіттің өртелеуіне қатысты, кесемнің не қолбасшының сүйегін оның жауларының тауып алып, оны корлауына бермеудің алдын алу үшін жасалған шараның бірі ретінде де қарастыруға болады.

Көптеген уақыт бойы жылқымен жерлеу дәстүрінің сакталуы бүтінде тұра сол күйінде болмасада, этнографиялық кезенге дейін ел ішінде зират басына жылқының бас сүйегін қоюымен жалғасып та отыр. Қазақ даласындағы қабір үсті құрылыштарын сипаттап жазған Кастанье (1911; 81-89) сырый ағашқа мәйіттің (қайтыс болған кісінін) сүйікті жылқысының басы ілінгендігін баяндайды⁷. Мұны да сол Қазақстанның ислам дінін ұстанған әлемнің солтүстік шекарадағы форпосты, ең шеткі нұктесі болғандығымен түсіндіруге болады.

Жоғарыда сөз болған ислам дінін қабылдаған түрік тайпаларының онтүстік, онтүстік-батыска қарай жылжуын ислам дінін таралуына ықпал жасаған онтүстікегі қалалар мен ондағы кесем билеушілерінің шығыстағы ел баскарған кесемдермен ынтымағы жарасқан тығыз байланысы мен ықпалының әсерінен және одан әрі, осы қарым-қатынастың жалғасуына екі жақты тараптың да мүдделі болғандығымен көреміз. Бұл жайт-тың көрнекті

³ Грач А.Д. Древнетюркские изваяния Тувы. М.: изд. Вост. лит-ры, 1961. 94 с.

⁴ Закиров Ш.Т. Арабоязычные источники IX-XII вв. и их значение в изучении этнополитической жизни народов Средней Азии. Автореф.: ...канд. ист. наук. Ташкент, 1994. Kitab al-boldan auctore al-Jakubi. Ed. M. J.

⁵ Синицын И.В. Археологические исследования в Западном Казахстане // Тр ИИАЭ. Археология. Алматы, 1956. Т. 1. 112, табл. VII, 113, сур. 30.

⁶ Тұран археологиялық экспедициясының 2003 жылды Оңтүстік Қазақстан облысында жургізген зерттеулері (аралық) ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп // Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрагаты. Түркістан, 2004.

⁷ Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург, 1911. 102 с.

дәлелі Түркістан қаласының ортағасырлардан бері Қазақ елінің рухани астанасы қызметін атқаруымен байланыстыруға болатын шығар.

Көшпелі елдің ортағасырлық мұсіндеу өнері-нің жарқын көрінісі (ретінде) жергілікті жердегі тау-тастарынан бәдізеп, ғұрыптық шарамен жерленген мәйіттің басына, еске алу, ас беру орындарындағы кешенниң шығыс жақ бөлігін антропоморфты тас мұсіндер койған. Кей жағдайларда олардың саны бірнеше болып та келеді. Осындағы ескерткіштердің бірі, осыдан жиырма жыл бұрын ШҚО Жарма ауданындағы Үш бійк теміржол бекеті маңындағы бұзылған оба жанында 5 тас мұсін⁸ және Үлан ауданы, Точка ауылы маңындағы обадан 3 тас мұсіннің тұрғандығымен расталғандай.

Л. Н. Ермоленко қабір құрылышының бірнеше түрі белгілі, (мәселен) қыпшак кезеңін тән тас мұсіндердің кейбірі құрылыштың жанына, енді бірі оның ішкі жағына қойылған деп, оның құрылымдық сызбасын бірнеше топқа бөліп қарастырған⁹.

Көшпелі тұрмысты тұріктердің Қазақстанның шығыс және солтүстік тарабын қоныстаған тайпалары арасында тас мұсін, бәдіз жасау өнері біршама уақытқа дейін сакталған. Оны Шығыс Қазақстан аумағында есіреле, тас мұсіндер шоғырландырылған Семей және Өскемен қалаларындағы облыстық және Зайсан, Ақсuat ауданының өлкетану музейлеріндегі ескерткіштерден де көруге болады. Осы тұста назарымызға түскен әрі, мақалаға арқау болған Қалбатау кентіндегі музей жанына қойылған тас мұсіннің 1 данасы турасында болып отыр. Қолына құс кондырған осындағы бір бәдізді Есік қаласының музейінен кездестірген болатынбыз.

Бұл тас бәдіз мұсіндерге катысты, олар б.з. I-мынжылдығының сонында Жоғарғы Ертіс өнірін жайлапан кимек тайпалары мен көршілес қоныстаған оғыздарға да тиесілі екендігі, оның себебін осы тұста IX–X ғғ. кимек қағанатының этникалық құрамы жағынан курделі болғандығымен осы өлкеде жүргізілген көптеген археологиялық зерттеулер де көрсетіп отыр. Ал, жазба деректегі Гардизидің баяндауы бойынша, Елдің шығысын қоныстаған, олар: әймур, имак, татар, байандур, қыпшак, ланиказ, ажлаң ру-тайпаларынан құралған¹⁰.

Әймур, байандур сияқты тайпалар М. Қаш-қари (XI ғ.) көрсеткен оғыз тайпасының ру-тайпалары, негізінен Қазақстанның шығысын қоныстағансын Кимек қағанаты құрамында болғандығын және оғыз тайпаларын құраған көш-пелі ру-тайпалардың арасында тығыз қарым-қатынастың болғандығын да көрсетеді. Енді сол тас мұсінге тоқталсақ, оның кеуде тұсына, яғни иек астында қанатын жайған құс отыр. Ол сурет, 1, яғни, сол жақта орналасқан биігінің төсінде бейнеленген. Құстың денесі анфаста берілген, қанат-құйрығын жайған және басы сол жаққа бұрылған. Оның құйрық қанаты ыдыс ернеуінің үстінде. Мұсіннің оң қолында ұстаған ыдыс, қолдың нобайы бұлшық етті етіп көрсетілгенімен; оның саусақтары анық көрінбейді. Үйдіс қолмен тұтастырылған. Бәдіздің барлық деталдары барельефті; құстың денесі оның фонын тереңдете үнгү барысында шығыңқы көрінетіндей етіп салынған. Тас мұсін материалы – қызыл гранит, өлшемі 140x30x23 см. Оның жанындағы косалкы құрылыштар Л. Н. Ермоленконың монографиясында қарастырылған¹¹. Әдеттегідей, өзге мұсіндердің көпшілігінде ұшырасатындағы тас мұсіннің оң қолында ұстаған көзе яки, аяқ (ыдыс) бар.

Өкінішке орай, тас мұсіндер өзінің әуел бастағы орнынан алынып, музей жанына қойылған. Бірақ, бұл тас мұсіндер жоғалып, қолды болып кетпей тұрып, аудандағы алғашқы музейді ұйымдастырушының жанашурылық қолымен, шамамен Қаракөл көлінің маңынан әкеліп қойылған.

Жалпы тас мұсіндер бейнелеу жағынан тұріктердің әлеуметтік ортасынан, иерархиясынан ха-бар береді. Мәселен, жоғарғы мәртебелі тұлғалары малдасын құрып отырған күйінде бейнеленсе, батырлар мен өзге қоғам мүшелері бойын тіктеп тұрғызылып мұсінделген.


Сөз соңында айттар түйін, оғыз қоғамында ер адамдардың аты-жөндерінде құс атауымен балама болып келетін Тоғырыл-бек, Шағырыл-бек тәрізді есімдердің де бар екендігі. Оғыз тайпаларының тарихы саналатын «Оғыз-наме» шежіре баянында Оғыз қағанның ең үлкен Құн ханнан тараган тайпаның, яғни оның үлкен баласы Қайының (танбасы: – құдіретті)

⁸ Арсланова Ф.Х., Чариков А.А. Каменные изваяния Верхнего Прииртышья // СА. 1974. №3. 220-256. сур. 6; 9, 1.

⁹ Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей. Новосибирск, 2004. 34 с.

¹⁰ Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. Оскемен, 2006; Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары (тарих, мәдениет, білім) Фылыми-көпшілік басылым. Өскемен, 2006. 31-б.

¹¹ Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния Казахстанских степей. Новосибирск, 2004. 132 с.



Тас мүсіндер. *Л. Н. Ермоленко бойынша*

табынар онгоны да ақ сұнқар, екінші ұлы Ай ханның ұлдарының да табынар онгоны – бүркіт және Теніз ханның ұлы Йигдирдың да таңбасы – сұнқар болғандығы да сөз болып отырган құс бейнесімен өте жақын астасады.

Резюме

Рассматривается каменное изваяние с Восточного Казахстана и предположение что Калбатауский каменный изваяние принадлежить огузами.

Summary

In the article the stone sculpture which originates from Eastern Kazakhstan is examined and the assumption that Kalbatau stone a sculpture belongs to Oghuz tribes is put forward.